

Көкпекті ауданы Бастаушы, Көкжота ауылдарының көшелерін атауын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы Бастаушы селолық округі әкімінің 2020 жылғы 21 мамырдағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 мамырда № 7109 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының 2019 жылдың 11 желтоқсандағы қорытындысының негізінде, Бастаушы, Көкжота ауылдары тұрғындарының пікірін ескере отырып, Бастаушы ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Көкпекті ауданының Бастаушы ауылының көшелерінің атаулары:

- 1) Больничная көшесі Мұқтар Әуезов көшесі;
- 2) Ленин көшесі Шәкәрім көшесі;
- 3) Школьная көшесі Ғабдуәли Раханов көшесі;
- 4) Новостройка көшесі Тәуелсіздік көшесі;
- 5) Строительная көшесі Төле би көшесі болып өзгертілсін.

2. Көкпекті ауданының Көкжота ауылы көшесінің атауы:

- 1) Школьная көшесі Жұбандық Болғанбаев көшесі болып өзгертілсін.

3. "Бастаушы ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етеді:

1) осы шешімді Шығыс Қазақстан облысының Әділет Департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткізуді;

2) осы шешім мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін Көкпекті ауданының аумағында таратылатын мерзімдік басылымдарға ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Көкпекті ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын.

4. Осы шешімінің орындалуына бақылау жасау өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК